

"Жер қойнауын пайдалануға арналған және жер қойнауы учаскесін өзгертуге арналған лицензияларды беруге (қайта ресімдеуге, ұзартуға) өтініштер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 384 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 305 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 маусымда № 23141 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

"Жер қойнауын пайдалануға арналған және жер қойнауы учаскесін өзгертуге арналған лицензияларды беруге (қайта ресімдеуге, ұзартуға) өтініштер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 384 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 17022 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшада:

"Пайдалы қазбаның атауы" деген жол алып тасталсын;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшада:

"Пайдалы қазбаның атауы" деген жол алып тасталсын;

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі*

Б. Атамкулов

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2021 жылғы 16 маусымдағы
№ 305 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2018 жылғы 24 мамырдағы
№ 384 бұйрығына 7-қосымша
нысан

(мемлекеттік органның атауы)

жеке тұлғалар үшін өтініш
иесінің тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда), жеке
сәйкестендіру нөмірі (бар болған
жағдайда), байланыс деректері;
заңды тұлғалар үшін – өтініш
иесінің атауы, бизнес-
сәйкестендіру нөмірі (бар болған
жағдайда), байланыс деректері.
(жер қойнауын пайдалану
құқығының (жер қойнауын
пайдалану құқығындағы
үлестің) ауысуына байланысты
жер қойнауын пайдалануға
арналған лицензияны қайта
ресімдеген жағдайда жер
қойнауын пайдалану құқығын
иеленушінің және иеленушінің
деректері көрсетіледі)

Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны қайта рәсімдеуге өтініш

20__ жылғы " _ " _____

Лицензияны қайта рәсімдеуді сұраймын

1	Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) иесі туралы мәліметтер
	жеке тұлғалар үшін – тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), азаматтығы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер
	заңды тұлғалар үшін – атауы, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер
2	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия туралы мәліметтер
	лицензия нөмірі, берілген күні, лицензияны берген орган
	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия түрі

3	лицензияны қайта рәсімдеу негіздері немесе себептері
4	Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алушы туралы мәліметтер жеке тұлғалар үшін – тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), азаматтығы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер
	заңды тұлғалар үшін – атауы, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер
	заңды тұлғалар, оның ішінде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналыстаға акциялар, мемлекеттер, халықаралық ұйымдар және сатып алушыны тікелей немесе жанама бақылайтын жеке тұлғалар туралы мәліметтер
5	"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы үшін негіз
6	Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) өтуіне рұқсаттың күні мен нөмірі (талап болған жағдайда)

Қоса берілетін құжаттардың тізімі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____

(құжаттардың атауы және парақ саны)**

Мөр орны

(бар болған жағдайда) (жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің қолы). Өкіл өтініш берген жағдайда, өкілеттіктерін куәландыратын тиісті ресімделген құжат қоса беріледі)

Мөр орны

(бар болған жағдайда) (жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) сатып алушы немесе оның уәкілетті өкілінің қолы). Өкіл өтініш берген жағдайда, өкілеттіктерін куәландыратын тиісті ресімделген құжат қоса беріледі)

Ескерту:

* 4,5 және 6-жолдар кен іздеушілікке арналған лицензияларынан басқа, жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға (иеліктен шығаруға) байланысты лицензияны қайта ресімдеген жағдайда толтырылады

** Құжаттардың түпнұсқалары не олардың нотариат куәландырған көшірмелері қоса беріледі

***Жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) мұрагерлік немесе өндіріп алуды кепіл затына айналдыру тәртібімен ауысқан жағдайда өтінішке жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) сатып алушы ғана қол қояды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК